



BOSCH



Маңызды қауіпсіздік нұсқамасы

2007 жылдың маусым айынан тамыз айын қоса алғандағы өндіріс кезеңінде шығарылған PSS 2, PSS 20, PSS 190, PSS 200, PSS 250 және PSS 2000 топтамалы қайрақ білдектерін ерікті қауіпсіздік жағдайында қайтару +++ Білдектерді осы мезеттен бастап қолдануға және басқа біреуге беруге рұқсат етілмейді.

"Bosch Power Tools" фирмасы өз өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін өте жоғары бағалайды. Тұтынушылардың қанағаттануы біз үшін бірінші орында тұрады. Сондықтан біз ерікті қауіпсіздік шаралары туралы хабардар еткіміз келеді.

Жүйелі жүргізетін сапа бақылауы арқылы біз қайрақ білдегінің шектеулі санының желдеткіш доңғалағында материалдық ақау бар екенін анықтадық. Бұның салдарынан білдек қабығы сынып, бөліктерін лақтырып жіберуі мүмкін. Ол жарақаттарға әкеліп соғуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Одан басқа, кернеу астындағы құрылымдық бөліктері ашық қалып, аса төтенше жағдайда өмірге қатер тудыратын электр тоғы соғуын тудыруы мүмкін. Дегенмен, ондай жағдайлар туралы бізге мәлім емес.

Клиентіміз алдындағы жауапкершілігімізді орындау мақсатында, біз осы мәліметте көрсетілген модельді білдектерді қайтарып алып, оларды жаңа білдектермен алмастыруды ұйғардық. Бұл алмастыру әрине ақысыз жүзеге асырылады.


Осында қарастырылған қайрақ білдектерін осы мезеттен бастап қолдануға және басқа біреуге беруге рұқсат етілмейді. Егер осы мәліметте қарастырылған білдекті сатып жіберген немесе біреулерге беріп жіберген болсаңыз, осы мәліметте қарастырылған білдекті қолдануға және беруге жол бермеу үшін осы қауіпсіздік нұсқамасын жедел түрде алушыға жеткізуіңізді сұраймыз.

Осы мәліметтің 2007 жылдың маусым айынан тамыз айын қоса алғандағы кезеңде шығарылған PSS 2, PSS 20, PSS 190, PSS 200, PSS 250 және PSS 2000 топтамалы қайрақ білдектеріне қатысы бар. Сіз топтама нөмірі арқылы нақты анықтай аласыз:

Модель	Білдек нөмірі	Топтама нөмірі
PSS 2 A	3 603 C40 040	786xxxxxx - 788xxxxxx
PSS 20 A	3 603 C40 040	786xxxxxx - 788xxxxxx
PSS 190 AC	3 603 C40 101	786xxxxxx - 788xxxxxx
PSS 200 A	3 603 C40 000	786xxxxxx - 788xxxxxx
	3 603 C40 040	786xxxxxx - 788xxxxxx
	3 603 C40 050	786xxxxxx - 788xxxxxx
	3 603 C40 070	786xxxxxx - 788xxxxxx
PSS 200 AC	3 603 C40 100	786xxxxxx - 788xxxxxx
PSS 250 A	3 603 C40 201	786xxxxxx - 788xxxxxx

PSS 250 AE	3 603 C40 200	786xxxxxx - 788xxxxxx
	3 603 C40 240	786xxxxxx - 788xxxxxx
	3 603 C40 270	786xxxxxx - 788xxxxxx
PSS 2000 A	3 603 C40 040	786xxxxxx - 788xxxxxx

Модель, сондай-ақ білдек нөмірі мен топтама нөмірі білдектің негізгі техникалық деректер көрсетілген тақтайшасында былайша берілген:



"Bosch Power Tools" фирмасы пайда болған сапа мәселесі туралы қатты өкінетіндігін білдіреді және Тұтынушылардан кешірім сұрайды.